



МҰҚРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№105
(2170)
Сенбі
23 желтоқсан
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТ БЕКІТІЛДІ

Аудандық мәслихаттың кезекті XI сессиясы өтіп, оған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев, облыстық мәслихаттың депутаты Нұрлан Имандосов, аудан прокуроры Дарын Әбіш, ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің Қазалы аудандық бөлімшесінің бастығы Дархан Қонысбек, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов және денсаулық сақтау саласының, теміржол мекемелерінің басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері мен әкімдікке қарасты дербес бөлім басшылары, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Сессияға аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш төрағалық етті.

Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралды:

1. 2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы;

2. Қазалы аудандық мәслихаты төрағасының жыл көлемінде атқарған жұмыстары туралы есебі;

3. Қазалы аудандық мәслихатының 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын



бекіту туралы;

4. «Аудандық мәслихаттың «Экономика, қаржы, бюджет, кәсіпкерлік және құрылыс» жөніндегі тұрақты комиссияның есебі.

Бірінші мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Әліби Берікұлы хабарлама жасады.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғ.Әліш Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы аралығындағы тұрғын үйлердің оқушыларын тасымалдау үшін қоғамдық көлікті субсидиялау, Көбек елді мекеніне сервистік ауызсу жүргізуге 3900,0 мың

теңге бөлу, ауданның мәдени-көпшілік шараларын жоғары деңгейде өткізуге және спорт саңлақтарын көтермелеуге байланысты қосымша қаражат қарастыру қажеттігін ортаға салды.

Екінші, үшінші мәселе бойынша аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әлмәмбетұлы хабарлама жасап, депутаттардың ұсыныстарына қолдау көрсеткені үшін аудан әкіміне рақмет айтты.

Депутат Нұрғиса Жалғасбаев мәслихаттың төрағасының есебіне оң бағасын беріп, 2024 жылы Жанқожа бабаның 250 жылдығына орай

Жанқожа батыр аулындағы асфальттанбаған Ескенебаев көшесін күрделі жөндеуден өткізу үшін жоба сметалық құжаттарын әзірлеуге 2300,0 мың теңге бөлуді сұрады.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша аудандық мәслихаттың депутаты Әділбек Сербайұлы аудандық мәслихаттың «Экономика, қаржы, бюджет, кәсіпкерлік және құрылыс» жөніндегі тұрақты комиссиясының жыл басынан бері атқарған жұмыстары жайлы баяндап, тиісті шешімдер қабылданды.

Сессия соңында аудан әкімі Мұхтар Әуесұлы 2024 жылға арналған аудан бюджетінің қабылдануымен құттықтап, алдағы уақытта аудан қазынасының кіріс көлемін ұлғайтып, халық қалаулыларының ұсыныс-пікірлерін ескерусіз қалдырмай, сайлауалды бағдарламаларының орындалуына атсалысып, жоспарлы түрде жұмыс жүргізілетінін жеткізді.

Сессия алдында аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіліп, сессияға ұсынылған мәселелер талқыланды.

Қазалы аудандық мәслихаты

ЖАСТАР ФОРУМЫ – ЖАҢА СЕРПІН

Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығында «Жас көшбасшылар – Қазақстанның үміті» атты жастар форумы өтті.

Ауқымды шараға арнайы барған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев алдымен фойедегі көрмені көрді. Талантты жастар өздерінің туындыларын қонақтардың назарына ұсынып, аудан басшысының оң бағасына ие болды.

Форум басталмас бұрын аудан жастарының жыл бойы атқарған жұмыстары бейнеролик арқылы көрсетіліп, қатысушылар ықыластарын ду қол шапалақпен жеткізді.

Форумда аудан басшысы көпшілікті Қызылорда облысының 85 жылдығы және Қазалы ауданының 95 жылдық мерейтойымен

құттықтады. Сондай-ақ, алдағы жоспарлармен бөлісіп, жастар саясатына кеңінен тоқталды.

– Бүгінгі күнге дейін ауданда ерікті жастардың қатысуымен 300-ден аса іс-шаралар өткізілді. Ал, оған 8000 мыңнан астам жастар қатыстырылды.

Жыл сайын дәстүрге айналған «Жаңа дәуір – Жаңа Қазақстан» тақырыбындағы жастар фестивалі мен «Жастар керуені» жобасын айтсақ болады. Ауылдың талантты жастарымен тілдесіп, барлық қырларынан көрінуге мүмкіндік сыйлайтын жоба талай жастың мәселесінің шешілуіне ықпал етті.

Қазір ауданда 6 мыңнан астам кәсіпкер болса, оның 40 пайызы жас кәсіпкерлер.

Аудандағы осындай ілкімді істердің басы-қасында жүрген жастардың біз үшін орны бөлек, – деді аудан басшысы.

Мұнан соң жылдың үздіктерін марапаттау шарасы өтті. Кеште «Үздік ауыл» номинациясы бойынша «Бірлік», Ғ.Мұратбаев, «Өркендеу», «Аранды» және «Қарашеңгел» ауылдық округтері марапат төрінен көрінді.

«Жастар жанашыры» номинациясы бойынша кәсіпкер Бақыт Жеткергенқызы, «Жанельфарм» ЖШС директоры Гулназ Батырбекқызы, «Ақжол Строй» директоры Сания Нұржаубайқызы және Қуаныш Әбдікәрімұлы құрметке бөленді.

Форумда өз саласында аянбай еңбек етіп жүрген әр саланың үздіктері «Жыл

таңдауы – 2023» бағамын иеленді. Ол қатарда егінші, спортшы, ұстаз, дәрігер, құқық қорғау саласы қызметкерлері, ерікті жас, шебер, еңбек адамы мен ерекше жандар болды.

Арнайы бағамдардан соң жастар саясатын жүзеге асыруда жанашырлық танытып жүргендер аудан әкімінің және облыстық қоғамдық даму басқармасының «Алғыс хатына» ие болды.

Көңілді кеште аудан өнерпаздары әуелете ән салып, күмбірлете күй тартып, мың бұрала би биледі.

Шара соңы Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен қортындыланып, от шашулар жарқырады.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

САТИРА – КҮШТІЛЕР ҚАРУЫ



Қазақ әдебиетінде сатира деген болмысы бөлек көркемдік бейнелеу тәсілі бар. Мұның болмысы бөлек болуы өзіміз өмір сүріп отырған ортадағы оқиғаны, құбылысты, не кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыруында. Сондықтан да «Сатира – күштілер қаруы» деп танылады. Бұл күшті қарудың тілін білетін Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, белгілі әдебиеттанушы ғалым Алпысбай Мұсаұлы Мұсаев.

Арғысы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» бері сатираның аңдатпасы айтылғанмен бұл саланың табиғатын тану адамзат баласының жершарының солтүстігін кешеуілдеп игергеніндей кейін ғана және тәуекел етіп барғандары саусақпен санарлық. Соның ішінде ғылым докторы атанғандары үшеу. Олар: Алатаудай заңғар аңыз адам Темірбек Қожакеев, ағысқа қарсы жүзер Жайықтың бекіресіндей мінезді Мәтжан Тілеужанов және М.Тілеужановтың жетекшілігімен кандидаттық, Т.Қожакеевтің жетекшілігімен докторлық диссертацияларын қорғап, қос енені тел емген Алпысбай Мұсаұлы Мұсаев.

Алпысбай Мұсаұлы елге әдебиеттанушы ұстаз-ғалым ретінде танылған тұлға болғанымен, әдебиетке өлеңмен келген жан. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, белгілі ғалым Бауыржан Омаровтың «Қазалының қазағы» мақаласын оқыған ләзім.

Қазалылық Алпысбай Мұсаев 1948 жылы қараша айында Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы «Дихан» ұжымшарындағы қызметкер Мұса қарттың отбасында отағасының алпысқа қараған

шағында дүниеге келеді.

Алпекеңнің замандасы, сыйлас досы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері ақын-драматург Иран-Ғайып бұл жөнінде:

«Тағдырдың талмай тартыс талқысында, Төтеп бар тауқыметке, бар қысымға.

Қыннан қылыш суырып өзің үшін,

Мұса қарт майдан ашқан алпысында?» деп жырлауы бекер емес.

Сұлу ана мен Мұса қарт махаббаты Алпысбайды дүниеге әкелді.

«Ертөстігім» бір төбе дегендей шаңырақтың кенжесі Алпысбай

отбасының ерекше құрметіне бөленіп өседі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ел әлі де болса еңсесін тіктей қоймаған кезең болса да Мұса қарт Алпысбайын дәмнен де, әннен де жұтаң қылған жоқ. Дастарқаны берекелі Сұлу ана мен тірлігі несібелі Мұса әкенің төрінде Сырдың талай сүлейлері танды таңға ұрып жырдың тоғанын ағытқан болатын. Осылайша, жыр құсы қонақтаған қасиетті Сыр елінің топырағы Алпысбайдың да кеудесіне сөз өнерін құт қылып құяды.

Сөз өнері әдебиетке деген ықылас мектеп бітірген Алпысбайды 1966 жылы Ақ Жайық төріндегі А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институттың филология мамандығына алып келсе, кейін өзі оқыған институтқа шақырту алған Алпысбай Мұсаев ізденушіден ғылым докторы дәрежесіне білімнің осы қара шаңырағында жетті. 1990 жылы «Қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясын қорғаса, 1999 жылы «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор» атты докторлық диссертациясын қорғады.

Алпекеңнің докторлық диссертация қорғауы оралдық филологтарға үлкен серпін әкелді десек артық айтқандық емес. Өйткені, М.Тілеужанов пен А.Мұсаев аралығында бірде-бір докторлық диссертация қорғалмаған еді. Ғылым жолындағы кез келгенге жалын сипатпайтын бұл межеге жиырма жылға жуық үзілістен кейін Алпысбай Мұсаұлы қол жеткізді. Аймақтағы тілші мен әдебиетшілерге алынбас асудай болып көрінген докторлық дәрежеге Алпекең осылай жол салып берді.

2003 жылы Оралдан Ақтөбеге қоныс аударған Алпысбай Мұсаұлы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің 2003-2005

жылдары ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, 2005-2018 жылға дейін университеттегі Гуманитарлық зерттеулер институтының директоры қызметін атқарды.

Ұстаз-ғалым А.Мұсаев көптеген монографиялар мен оқу құралдарының авторы. Бүгінгі таңда ғалымның еңбектері жоғары оқу орындарының филология мамандықтарында оқып жатқан студенттер мен магистранттардың білім беру бағдарламасына енген негізгі әдебиеттердің бірі. Ғалымның шығармашылығын таратып айту бір мақала көлемінде мүмкін болмағандықтан еңбектерінің негізгілерін ғана атап өтсек, олар: «Қазіргі қазақ сатирасы» (1993), «Поэтика казахской сатиры» (1997), «Жанды жүйе» (2002), «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» (2006 ж.), «Рух бостандығының жыршысы» (2007), «Көркемдік кестесі» (2007), «Көркем шығармадағы сатира» (2007), «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені» (2007), «Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы» (2009), «Тарази тағылымы» (2009), «Қанатты қаламгер» (2010), «Әдебиет иірімдері» (2011), «Мәңгі өлмес күлкі» (2012). Жалпы көлемі 250 баспа табақтан аса ғылыми зерттеу еңбектері бар.

Ғылыми ортада танымал Алпысбай Мұсаұлы 1996 жылы Қазақстан Республикасының Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті, 2015 жылы Францияның Конкорд Академиясының мүше-корреспонденті (Франция, Париж). 2017 жылы мамыр айында Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі болып сайланды. Сондай-ақ ұзақ жылғы жемісті педагогикалық еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы Білім беру саласының үздігі» белгісімен марапатталды.

Әңгіме Алпысбай Мұсаұлының шығармашылығы жөнінде болғандықтан ғалымның халық ауыз әдебиетіндегі күлкі феномендерінің ерекшелігін ашудағы тұжырымына тоқталайық: «...Бірде Қожанасырға көршісі келіп кір жаятын жіп сұрапты. Сонда Қожанасыр тұрып: «Ренжіме, мен оған ұн жайып қойып едім», - дейді.

- Қалайша, жіпке ұнды іліп қойдың? – деп сұрады танданған көршісі.

- Ол қиын іс емес, егер сен оны бергің келмесе» - деп жауап береді Қожанасыр».

Мұны Алпысбай Мұсаев былайша түсіндіреді:

«Көптеген суфизм өкілдері Қожанасырдың мына оқиғасын мүмкін емес түсініктерді қалыптастыру үшін қолданады» дейді. Ғалымның «мүмкін емес түсініктерді қалыптастыру» деген қисыны ерекше бөлек пайым. Осындайда ойға М.Әуезовтің: «Қожанасыр күлкісі өзінше бөлек күлкі...» деген пікірі оралады.

Алпысбай Мұсаұлы туралы сөз қозғағанда ұстаздық қырына тоқталмай өту мүмкін емес. Бұдан тура 31 жыл бұрын Мұсаевтың сабағы болады дегенде А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының бас ғимаратындағы 416 аудиторияға үш топтың 75 студенті түгел жиналатын. Бұл жиналу қырықтағы лектордың алды қаттылығынан қаймығудан емес, театрдың жаңа премьерасынан қалыс қалмауды ойлаған көрермендік қызығушылық ықыластан. Сатира мен юмор саласын теориялық жағынан саралап талдай келе ұстазымыз кілт тоқтап, ешкімге назарын салып қарамай, ұнжырғасы түскен кейіпте аудиторияда қолын артына айқастырған қалыпта әрлі-берлі бір-екі минут жүріп, кенет жан-жағына кезек қарап, алға бір-екі қадам басып сол ізімен еңсесін бұрмастан артымен кейін шегіне жүріп, кібірткітеп тұрып алады. Сол кезде аудиторияның әр жерінен осы сәтті асыға күткен студенттердің «қазір, қазір бастайды» - деп дегібірсіздене сыбырлаған сөздері естіліп жататын. Содан соң... ағай образға кіріп шығарманың иіріміне үйіріп алып кететін. Ол тұста ұстазымыздың сөзі өз алдына қас-қабағына дейін сөйлеп, ирония, сарказмдардың көңіл-күй пернесін тап басып тұратын. Бұл Мұсаевтың өзіне ғана тән шеберлік, әдіс-тәсіл, қазіргі тілмен айтқанда мастер клас сабақтар болатын... Алпекең студенттеріне «Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу - өлім» екендігін осылай түсіндіретін.

Алыптар тобы салған сатира мектебін бүгінгі күнмен жалғап, «Күлкі – өлмес елдің өшпес күші» екендігін қара ормандай қазақ көркем әдебиеті арқылы дәлелдеп келе жатқан белгілі ғалым Алпысбай Мұсаұлы Мұсаевқа 75 жылдық мерейтой үстінде шығармашылық табыстар тілейміз.

Азамат МАМЫРОВ,
Батыс Қазақстан
инновациялық
-технологиялық
университетінің
профессоры, филология
ғылымдарының
кандидаты

•Тұлға

АСЫЛ АЗАМАТ КЕҢЕС АРЫҚБАЕВ ДОСТЫҚҚА АДАЛ БОЛАТЫН



Ауданымызға есімі белгілі азамат Кеңес Арықбаевпен алғашқы кездескен кезім әлі күнге есімде. 1966 жылдың қараша айының соңғы күндерінің бірі. Үйге бір азамат телефонмен хабарласты.

-Мен аудандық радиохабарларын ұйымдастырушы-тілші едім. Жаңадан тағайындалғанмын. Кездесек... -деді.

-Мақұл. Мен қазір барамын, -дедім де тездетіп киініп, орталық радиоторабына келдім. Радиоторабы аудандық байланыс торабы ғимаратының екінші қабатында орналасқан.

Міне, Кеңеспен алғашқы кездесуім осылай басталды. Бұрын радиохабарларын дайындайтын тілші Балтабай Тәжімбетов еді. Ол қызметі жоғарылап облыстық радиокомитетке қызметке ауысқан болатын. Кеңес Балтабайдың орнына қызметке келген екен. Екеуіміз жақсы тіл табысып кеттік. Ол тілшілік қызметті шеберлікпен меңгерді.

Мен радиохабарларды қоғамдық негізде жүргізетін, мәтінді оқитын диктормын. Сондықтан Кеңеспен алғашқы кездескенде -ақ осы жайлы ескерттім.

-Жазған материалдарыңды радиодан өзің оқуыңа болады. Мен аппаратты қосып, дайындап беремін, -дедім.

-Жоқ, Ореке, мәтіндерді бұрынғыша өзің оқи бер. Солай болғаны дұрыс, -деді Кеңес.

Мен осылайша дикторлық қосымша жұмысты абыроймен атқардым. Кеңес сол кездегі аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Кеңес Асанбаевтан магнитофон алып берді. Уақыт алға жылжыды. Аудандық радиохабарлар тарату редакциясының жұмысы жақсарды, алға басты. Радио арқылы еңбек озаттарының жанды дауыстарын жиі бердік. Жергілікті

радиоторабы арқылы аудан көркемөнерпаздарының концерті беріліп тұрды.

Ұмытпасам 1967 жылдың жаз айы болуы керек. Орталық радиоторабына Кеңес досым келді.

-Ауданымызға ақын Зейнолла Шүкіров келіпті. Ақынның өлеңдерін магнитофонға жаздырып алып, радио арқылы беруді жөн көріп отырмын. Ақынға жолығуға баруға уақытың бар ма, -деді Кеңес.

-Барайық. Оған не сөз бар, -дедім.

-Кеттік онда. Далада машина күтіп тұр, -деді Кеңес.

Біз автомашинаға мініп жүріп кеттік. Зейнолла ақын «Алтай» каналының жағалауында 4-5 адаммен бірге демалып отыр екен. Жанында жазушы Молдахмет Қаназов, аудандық «Ленин туы» газетінің редакторы Сейіл Боранбаев, аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Таяубай Сереев ағамыз бар екен. Кеңес екеуіміз ағалармен қол берісіп амандастық. Олар түгел автомашинаға мініп, аудан орталығындағы бір үйдің алдына келіп тоқтады. Бұл сол кездегі №420 орта мектептің директоры Қожантай Досмамбетовтің үйі екен. Ақеден Қожантай ағамыз қонақтарды жайдары көңілмен қарсы алып жатыр.

Біздің мақсатымыз ақын, жазушы Зейнолла Шүкіровтің сөздерін ретін тауып магнитофон таспасына жазып алу. Бұл міндетті орындау маған оңай болған жоқ, соның реті кейін келді.

Ертеңіне теміржолшылар клубында аудан халқының ақын-жазушы Зейнолла Шүкіровпен кездесуі болып, ол өзінің соңғы жылдары жазған өлеңдерін оқыды. Оны түгелдей таспаға жазып алып, кейін аудан тыңдармандарына жеткіздік.

Қарақұм өңіріндегі малшылар және дихандар тойында арнаулы хабарлар ұйымдастыратын едік. Еңбек озаттары, олардың тәжірибелері жайлы жазылған Кеңестің қолжазбаларын және өлеңдерді мәнерлеп оқып, далада радиохабарларын ұйымдастырамыз. Тойшы қауым хабарларымызды, радиоконцертімізді ықыласпен тыңдайды.

Шіркін, Кеңес көркемсөздің хас шебері ғой. Талантты, шашасына шаң жұқпайтын майталман журналист. Мен Кеңес жайлы мадақтау,

мақтау сөздерді босқа айтып отырғаным жоқ. Көзбен көргенімді, оның шығармашылығымен етене таныс болған соң айтып отырмын.

Аудандық «Ленин туы» газетінің редакторы Сейіл Боранбаев ағамыз қарамағындағы тілшілердің қабілет қарымын жіті бақылайды, бағалайды. Сондықтан болар Кеңесті газеттің еңбекші хаттары бөлімінің меңгерушісі қызметіне жоғарылатты. Радиохабарларын ұйымдастыруды тілші Жаңабай Өтегеновке жүктеді.

Кеңес аудандық газет редакциясына қызметке ауысқанымен достығымыз жалғаса берді. Қолы босаған сәтте менімен жолығып, әңгімелесіп, жаңалықтарды бөлісетінбіз. Кеңес кейін газеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушілігіне ауысты. Қай салада еңбек етсе де іскерлік танытты. Журналистік қарым қабілеті айрықша танылып, оның мақалаларын газет оқырмандары сүйсіне оқитын.

1975 жылы досым Кеңес Арықбаев Қазалы аудандық партия комитетіне нұсқаушы болып қызметке ауысты. Бұл қызметте де ол іскерлігін таныта білді. 1983 жылы Кеңес аудандық мемлекеттік сақтандыру инспекциясының директоры қызметіне тағайындалды. Бұл қызметті де жетік меңгеріп, 14 жылға жуық адал еңбек етті. Заман ағымына қарай бұл мекеме жабылып, қызметін тоқтатқан соң Кеңес досыма оңай болған жоқ. Жұмыссыз жүрді, алайда қолынан іс келетін маман қайда да керек қой. 1998 жылы Қазалы аудандық әкімшілігінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. Жұмысына ұқыпты, адал қызметкер 2005 жылы зейнет демалысына шықты.

Кеңестің бойындағы ерекше қасиеті қарапайымдылығы. Кеңес көп жылдар лауазымды қызметтер атқарса да қарапайымдылығынан бір танбады. Достарына, достыққа адал болды.

«Жастықтың жалауын жоғары ұстадық. Кезінде он бес шақты жұп болып сән-салтанат құрған кезімізге, жарасымды байланысымызға, жүріс-тұрысымызға» сырттай қызыға да қызғана қарайтындардың да лебізін құлағымыз шалды. Қатарымыздың сирегені болмаса, арамыздан аламысық аттаған жоқ. Амал дос

емес адал дос болдық. Болмашыны сылтау етіп, үйді-үйлерімізге қыдырудан, мәнді де мағыналы отырыстан кенде болдық дей алмаймыз. Бірақ ешқайсысымызда тойып секірмедік, талайымызға бұйырған қызметтерімізге қылау түсірмедік. Арамыздағы жас айырмашылығы да сыйластығымызға сызат түсіре алмады»- деп жазған еді Кеңес естелігінде.

Кеңес досымыз зейнеткерлікке шыққан соңда қоғамдық жұмысқа белсене араласты. Аудандық ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі болды. «Қазалы ардагерлері» атты танымдық кітапты шығаруға атсалысты. Кітап толық басылып, Қазалы халқының қолына табыс етілуінің куәсі болды.

Ауданымызға белгілі азамат, менің досым Кеңес Арықбаев пен зайыбы Қуаныш алтын асықтай 3 қызбен 2 ұлды өнегелі етіп тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәрі бұл күнде отбасын құрып, бала тәрбиелеп, түрлі салада қызмет атқарады.

Сәл шегініс жасасақ сонау еңбекке араласқан алғашқы жылдардан достығымыз жарасқан жандар: Өмірзақ Байзақов, Барлыбай Саржанов, Қанат Әбдікәрімов, Құдайберген Жәлімбетов, Александр Тен, Алдаш Аяғанов, Кеңшілік Төлебеков, Абай Ерназаров, Қуаныш Қалауов, Қалипа Момбаева, Дәметкен Аяғанова, Жомарт Қуандықов және басқалары келместің кемесіне мініп, мәңгілік мекенінен қоныс тапты.

Өкініштісі ардақты азамат, қарымды қаламгер, белгілі журналист Кеңес Арықбаев өмірінің соңғы жылдарында ауыр дертке тап болды. Ол кезде мен ауруханада жатыр едім. Жаздың бір күнінде «Кеңес ауруханаға түсіпті» деген хабарды естідім. Инсульт алыпты. Дәрігерлер Кеңеске ешкімді кіргізбейді. Бір айдан астам уақыт ауруханада жатты. Кеңеспен кездесу үшін ауруханаға бардым. Жағдайы мәз емес. Ауруханадан шықты. Үйіне барып тұрдық. Асыл азамат ауыр дерттен оңалып кете алмады. Ақыры мәңгілік мекеніне қоныс тепті. Адал досымның қазасы мағанда оңай тиген жоқ. Өмір өтіп жатыр. Зайыбы Қуаныштың балалары мен немерелерінің қызығын көріп жатқаны көңілге демеу.

Ордабай АЯПБЕРГЕНОВ,
еңбек ардагері

•Ұсыныс

ШӘКІРТ ЖЕТІСТІГІ – ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

Мира Әйімбет Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы университетті бітірген соң №216 орта білім ордасына жұмысқа орналасты.

Өз мамандығын сүйетін Мира апайымыз іздену мен үйретуден әсте жалыққан емес. Өз білгенін шәкірттеріне мейлінше түсінікті етіп жеткізді. Көптеген шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың жүлдегері атанды.

2023 жылдың желтоқсан

айында өткізілген Қ ұ р м а н ғ а з ы Сағырбаевтың 200 жылдығы, Мұзафар Әлімбаевтың туғанына 100 жыл мерейтойларына орай республикалық «Біз өмірдің гүліміз» атты балалар мен ересектер байқауына шәкірттерін қатыстырып, «Аспапта ойнау» жанры бойынша 6 «Б» сынып оқушысы Сағат Нұрасыл Болатұлы I-дәрежелі лауреат, «Би» жанры бойынша 2 «А» сынып оқушысы Нұртуғанқызы Раяна, «Вокал» жанры бойынша 5 сынып оқушысы Еділ Айлуна бас жүлде иеленді.

Ұстаз шәкіртімен мақтанады. Біз шәкірттерінің жанына нұр құйып, өнер сахнасында жол ашып жүрген Мира Әйімбетке зор денсаулық, қажымас қайрат және шығармашылық табыс тілейміз.

Әлия ҚАЛЫБАЕВА

АЛҒЫСҚА БӨЛЕНГЕН ЖАНДАР

Ғұмыр тіршілікте адам баласы алдында не күтіп тұрғанын білмейді ғой. Менде балашаға қамы үшін жұмыс істеп жүргенмін. Шілде айында өзімді жайсыз сезіндім де Қазалы теміржол ЖШС-нің емханасына барып тексерілуіме тура келді. Аймақтық терапевт дәрігер Еркін Жұбанышұлы Ескермеев қабылдады. УЗИ-ге түсіріп, жүрегімде кінәрат барын айтып, ауруханаға жатып емделуім керектігін ескертті. Ауруханада жатып ем алдым. Одан соң Қазалы ауданаралық орталық ауруханасының кардиология бөлімшесінде (меңгерушісі Ләззат Жұбанова) ем қабылдадым. Дәрігерлердің барлығы жылы қабақпен, жанашырлық танытып емдомым жасады.

Аймақтық терапевт дәрігерім маған жолдама беріп, Қызылорда облыстық медициналық орталықта тексерілуім қажеттігін айтты. Орталықта да тексеріліп ем алдым. Одан соң дәрігерім мені

жүрек ауруынан есепке алды. Ай сайын медициналық сараптамадан өтіп тұрамын. Дәрігерім Еркін Жұбанышұлына алғыстан басқа айтарым жоқ. Мейіркеш Гүлнұр Жұмаділ елгезек, ақкөңіл жан екен. Үйіме келіп, өз анасындай қамқорлық жасап, бәйек болып, сырқатымның жағдайын сұрап, өзімді демей жүрді. Осындай тілекші адамға қалай риза болмассың.

Бұрындары дәрігерлер жайлы әртүрлі сөздерді еститінмін. Өзім олардың қабылдауында болып, аурудың азабын көрген соң олар жайлы пікірім өзгерді. Ақ халатты абзал жандарға жылы лебіздерімнен басқа айтарым жоқ. Үш айдан соң жағдайымның жақсарғанын сезініп отырмын. Сондықтан дәрігерлер әрдайым аман болыңыздар, қызметтеріңізбен халықтың көңілінен шыға беріңіздер демекпін.

Иә, олар алғысқа бөленген жандар.

Гүлнәр ТАЛҚАМБАЕВА,
Әйтеке би кенті

•Объявление

Купим материалы верхне-го строения жд пути, по оптовой цене. С доставкой. 87071412401

СУ ТОРАБЫНА ӘУБӘКІР ТЫНЫБАЕВ МҮСІНІН ҚОЮ КЕРЕК

Әлиұлы Әубәкір Тыныбаевты Қызылорда облысының халқы жақсы біледі. Ол облыстағы көптеген гидромелиоративтік нысандарды салу, инженерлік жерді игеру жұмыстарына басшылық етті. «Қызылордаводстрой» тресіне басшы болған кездері Басықарада салынған су торабын (гидроузел) тікелей бақылауына алып, 1970 жылы пайдалануға беруге үлес қосты. Әбекең Қазалы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Қызметте жүрген кездерінде жұмысына адал, халқына сыйлы болып, артық дүние-мүлікке қызықпады. Кішіпейіл, қарапайым болды деп ойлаймын.

Ә.Тыныбаев қызметте жоғарылап, Қазақ ССР сушаруашылығы министрі болды. Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды.

Айтайын дегенім Басықарадағы су торабына Әубәкір Тыныбаев есімін бердік. Енді су торабына Әубәкір ағаның мүсінін қою керек, - деп ойлаймын. Су торабына барған адамдар ағаның мүсінін көргеннен кейін Әубәкір ағаның кім екенін есте сақтайтын болады. Мұны айтып отырған себебім, Қызылорда облысының сушаруашылығы басқармасын көп жыл басқарған Арыстанбаев Сабыр Шаймерденұлына Тасбөгеттегі су торабының есімін беріп, мүсінін қойды. Сондықтан Тыныбаев Әубәкір ағаның мүсінін Басықара су торабына орнату орынды, оған көп шығын кетпейді және тез шешілетін дүние.

Әбдірасулла ЖҰБАНБАЕВ,
инженер-гидротехник,
Қазақстанның құрметті
құрылысшысы,
Қазақстанның құрметті су
шаруашылығы
ардагері

ТЕМІРЖОЛ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АЛҒЫС

Қазалы станциясы қызметкерлері кәсіби маман ретінде халыққа лайықты қызмет көрсетіп келеді.

Көптеген адамдар жолаушылар теміржол көлігінің қызметтерін пайдаланады. Олар станция қызметкерлеріне ризашылығын білдіреді. Біздер бір топ жолаушылар Қазалы станциясының басшысы Боранқұл Серік Кенжебайұлына, орынбасары Махашов Руслан Панабайұлына, станция басшысының логистика жөніндегі орынбасары Әділбаев Фархат Мәуленбайұлына алғысымызды білдіреміз. Сіздердің адалдықтарыңыз бен кәсіби мамандықтарыңыз еліміздің ертеңі мен бүгіні үшін маңызды.

Бір топ жолаушылар

•Хабарландыру

Қазалы аудандық сотында (іс №4344-23-00-2/1091) 2023 жылдың 21 қарашасында арыз беруші Серікбол Нағашыбайұлы Балғатайдың туған ағасы Жақабай Нағашыбайұлы Балғатайды қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды.

1961 жылдың 20 қарашасында туылған Жақабай Нағашыбайұлы Балғатайдың жүрген жерін білетін адамдар болса Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде орналасқан Қазалы аудандық сотына осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде хабарласуды сұраймыз.

Бауыржан ТЕКЕЙ

•Хабарландыру

2023 жылғы 28 желтоқсан күні сағат 11:00-де Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс 13 сессиясы шақырылады.

Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Аудандық аумақтық сайлау комиссия мүшелерін сайлау туралы;
2. Учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы.

Сонымен бірге, сағат 10:00-де Қазалы аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

(Газетіміздің келесі саны 31 желтоқсан, жексенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.